

## Қобда ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Қобда аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 28 қаңтардағы № 12 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 15 ақпанда № 3534 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 8 маусымдағы № 198 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданының әкімдігінің 08.06.2016 № 198 қаулысымен.**

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5 тармақшасына және 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қобда ауданы бойынша жұмыссыздарды уақытша жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстың түрлері, көлемі, нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Қобда аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне осы қаулының жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Елеусіноваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	А. Жүсібалиев
-------------	---------------

## Қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі, оларды қаржыландыру көздері және қоғамдық жұмыстарды жүргізетін ұйымдардың тізбелері

№	Ұйымдатың атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері (жобалар)	1 адамға шарт бойынша жұмыстардың көлемі (болжам) (теңге)	Жоспар бойынша		Қаржыландыру көздері
				жұмыс орындарын (ың саны, (адам	карастырылған қаржы, мың теңге	
1	2	3	4	5	6	7
1	Ауылдық округтар: 1. Ақырап 2. Белогор 3. Булак 4. Бегалы 5. Жаңаталап 6. Жарсай 7. Жарык 8. Жиренқопа 9. И. Білтабан атындағы 10. Исатай 11. И.Қурманов атындағы 12. Қобда 13. Қызылжар 14. Қурсай 15. Өтек 16. Сарбулак 17. Сөгәлі 18. Терісаққан а. әкімшілік аумақтық бірлігі	"Құрылыс бригадасы", "Абаттандыру", "Санақ"	18660	96	8032,0	жергілікті бюджет
2	19. "Қобда аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлім" ММ	"Жастармен жұмыс істеу", "Абаттандыру", "Маусымдық жұмыс"	18660	2	224,0	жергілікті бюджет
3	20. "Қобда аудандық ішкі саясат бөлімі" ММ	"Іс-шараларды өткізуге көмектесу"	18660	1	112,0	жергілікті бюджет
4	21. "Қобда аудандық қорғаныс істер бөлімі" ММ	"Санақ"	18660	1	112,0	жергілікті бюджет
5	22. "Қобда аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлім" ММ "Шұғыла" бала бақшасы" МКҚК	"Абаттандыру", "Маусымдық жұмыс"	18660	1	112,0	жергілікті бюджет
6	23. "Қобда ауданы әкімінің аппараты" ММ	"Абаттандыру", "Маусымдық жұмыс"	18660	1	112,0	жергілікті бюджет
		"Абаттандыру"				

7	24. "Отбасы үлгісіндегі балалар үйі" ММ	" , "Маусымдық жұмыс"	18660	1	112,0	жергілікті бюджет
8	25. "Қобда аудандық экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі" ММ	"Абаттандыру" "	18660	1	112,0	жергілікті бюджет
9	26. "Қобда аудандық қаржы бөлімі" ММ	"Абаттандыру" "	18660	1	112,0	жергілікті бюджет
10	27. "Қобда аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ	"Жолдар", "Абаттандыру" "	18660	1	112,0	жергілікті бюджет
11	28. "Қобда аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" ММ	"Абаттандыру" "	18660	1	112,0	жергілікті бюджет
12	29. "Қобда аудандық ауыл шаруашылық және ветеринария бөлімі" ММ	" Ауыл шаруашылық жұмыстар", "Абаттандыру" , "Маусымдық жұмыс"	18660	10	584,0	жергілікті бюджет
13	30. "Қобда аудандық орман шаруашылық бөлімі" ММ	" Көгалдандыру" "	18660	7	466,0	жергілікті бюджет
14	31. "Қобда аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ	" Іс - шараларды өткізуге көмектесу", "Абаттандыру" , "Маусымдық жұмыс"	18660	1	112,0	жергілікті бюджет
15	32. "Қобда аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ	"Санақ", "Абаттандыру" "	18660	5	560,0	жергілікті бюджет
16	33. "Қобда аудандық прокуратурасы" ММ	"Санақ", "Маусым жұмыс"	18660	1	112,0	жергілікті бюджет
17	34. "Қобда ауданының соты" ММ	"Санақ", "Маусым жұмыс"	18660	1	112,0	жергілікті бюджет
18	35. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік санитарлық – эпидемиологиялық бақылау департаментінің Қобда ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы" ММ	"Эколог", "Абаттандыру" "	18660	1	112,0	жергілікті бюджет
	36. "Қобда аудандық ішкі істер					

19	бөлімі" ММ	"Сақшы"	18660	22	1720,0	жергілікті бюджет
20	37. "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" РМҚК Қобда аудандық бөлімшесі	"Санақ"	18660	1	112,0	жергілікті бюджет
21	38. "Қобда аудандық әділет басқармасы" ММ	"Санақ", "Абаттандыру"	18660	1	112,0	жергілікті бюджет
22	39. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Ақтөбе облысы бойынша Салық департаментінің Қобда ауданы бойынша Салық басқармасы" ММ	"Санақ"	18660	1	112,0	жергілікті бюджет
	Барлығы:			160	13602,0	

## Қоғамдық жұмыстардың түрлері

### 1. "Құрылыс бригадасы"

Инженерлік желісін, су мен газ құбырын, канализация өткізу, мектептерді, балабақшаларды, ауруханаларды, құрылыстық өңдеу және басқа да бюджеттік саласындағы объектілерді жөндеу жұмыстарды жүргізу. Аяқталмаған, жартылай құлап жатқан құрылыстарының мәселелерін шешу.

### 2. "Жолдар"

Жаңа жолдарды салу, бар жолдарды және жол бетін жөндеу, тротуарларды арамшөптерден тазарту, үйінділерді бекемдеу, алыстыққа жүретін көлікке арналған қоғамдық аялдамасын абаттандыру.

### 3. "Абаттандыру"

Аулаларды, скверлерді, саябақтарды, елді мекендерді абаттандыру. Көгалдандыру екпелерді, гүлзарларды отырғызу және күтім жасау. Спорттық және балдарға ойын үшін арналған алаңдарын ұйымдастыру.

### 4. "Ауылшаруашылық жұмыстары"

Әлеуметтік аумағындағы объектілеріне арналған қоғамдық тамақтану топтамасы бар, ауылшаруашылық өнімдерін (көкөністерді, бақша дақылдарды) өсіру және маусымдық жинау жұмыстарын өткізуге көмек көрсету. Малды бордақылау бойынша маусымдық қысқа мерзімдік алаңдарын ұйымдастыру. Малдардың бірдейлендіруін жүргізу.

### 5. "Санақ"

Республикалық, аумақтық науқаларды және салық төлемдерді жинауды (әр-түрлі санақ, әскерге шақырту, зейнетақыларды және жәрдемақыларды қайта есептеу) ұйымдастыру жұмыстарына көмек көрсету.

### 6. "Іс – шараларды өткізуге көмектесу"

Мәдениет мақсатындағы іс – шараларды (спорттық жарыстарды, халықтық

мейрамдарды) ұйымдастыру кезінде көмек көрсету.

#### **7. "Эколог"**

Тұрмыстық қалдықтарды жоюға және жоюын ұйымдастыруға көмек көрсету.

#### **8. "Сақшы"**

Қоғамдық тәртіпті сақтау. Елді мекендерде және ауылдарда қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша көмек көрсету.

#### **9. "Көгалдандыру"**

Аймақтарды көгалдандыру, аббаттандыру кезінде тал көшеттерін және гүл көшеттерін қолдану мақсатында өсіру.

#### **10. "Маусымдық жұмыс"**

Жылыту маусымындағы жұмыстар, қысқы кезінде су құбырының жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

#### **11. "Жастармен жұмыс істеу"**

Ауданның білім беру мекемелерінде жасөспірімдермен іс шараларды ұйымдастыруға көмек көрсету.

#### **Қоғамдық жұмыстарының нақты жағдайлары.**

Жұмыс аптасының ұзақтығы екі демалыс күнімен 5 жұмыс күнін, жұмыс күні 8 сағаттық, түскі үзіліс 1 сағат құрайды. Жалақы жұмыссыздың жеке шотына аудару арқылы, жұмыс істеу уақыты табелінде көрсетілген жұмыс істеу уақытына ғана төленеді. Еңбек сақтау және техникалық қауіпсіздігі нұсқамалық, арнаулы киіммен, құралымен және құрал - жабдығымен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.